

Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлерін және қызметін тексеру мәселелері бойынша тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 446 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 шілдеде № 11695 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына, 13-бабының 3-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1 . М ы н а л а р :

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметін тексеру мәселелері бойынша тексеру парағының
н ы с а н ы б е к і т і л с і н ;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген соң күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы
Е. Досаев

«К Е Л І С І Л Д І»

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы

Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің төрағасы
С. Айтпаева

2015 жылғы 23 маусым

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 23 маусымдағы
№ 446 бұйрығына
1-қосымша

Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері

1. Жалпы ережелер

1. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалаудың осы критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» (бұдан әрі – Заң) және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңдарына сәйкес бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлдіктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

2) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті критерийлері (бұдан әрі – объективті критерийлер) – сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс

бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежесіне байланысты және жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей байланыссыз іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері (бұдан әрі – субъективті критерийлер) – нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарын іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері;

4) тексеру парағы – орындалмауы адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіретін тексерілетін субъектілер қызметіне қойылатын талаптарды қамтитын талаптар тізбесі;

5) бақылау субъектілері – мынадай жергілікті атқарушы органдар:
сәулет және қала құрылысы;
құрылыс;
мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары.

3. Бастапқы кезеңде бақылау субъектілері жоғары тәуекел дәрежесі тобына қосылды.

4. Субъективті тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

1) тексерілетін субъект ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері;

2) бұрынғы тексерулер нәтижелері;

3) расталған шағымдар мен арыздардың болуы және саны;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды жергілікті органдардың тиісінше орындауын анықтау мақсатында объектіге бару тәртібінің нәтижесі;

5) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау;

6) Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттары сауалдары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің тапсырмалары, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттары;

7) тексерудің нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың (қаулылардың, ұсынымдардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау.

5. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде субъективті критерийлері үш көрсеткішке бөлінеді: өрескел, елеулі және елеусіз.

Субъективті критерийлер осы Критерийлерге қосымшада көрсетілген.

Бір өрескел көрсеткіш орындалмаған кезде субъект тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

Егер өрескел көрсеткіштен сәйкессіздік анықталмаған болса, онда тәуекел дәрежесін айқындау үшін елеулі мен елеусіз көрсеткіштер бойынша қосынды мән алын ады .

Елеулі көрсеткіштердің жиынтық мәнін анықтаған кезде орындалмаған критерийлердің меншікті салмағына 0,7 коэффициенті қолданылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_{e-ли} = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,7$$

м ұ н д а ғ ы :

$\Sigma P_{e-ли}$ – елеусіз көрсеткіштердің жиынтық;

ΣP_1 – бағалауға талап етілетін көрсеткіштің саны;

ΣP_2 – бағалау кезінде сәйкес келмейтін көрсеткіштердің саны.

Бір ақпарат көзі бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші мынадай формулаға сәйкес көрсеткіштерді қосу жолымен айқындалады:

$$\Sigma P = \Sigma P_{e-ли} + \Sigma P_{e-сіз}$$

м ұ н д а ғ ы :

ΣP – субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\Sigma P_{e-ли}$ – елеулі көрсеткіштердің жиынтық мәні;

$\Sigma P_{e-сіз}$ – елеусіз көрсеткіштердің жиынтық мәні;

Тәуекел дәрежелерінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект (объект):

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 60-тан 100-ге дейін болса және оған қатысты ішінара тексеру жүргізілетін болса – жоғары тәуекел дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болса және оған қатысты ішінара тексеру жүргізілетін болса – елеусіз тәуекел дәрежесіне жатады.

6. Тәуекелдер дәрежелерін талдау мен бағалау кезінде бұрын нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты ескерілген және пайдаланылған субъективті критерийлердің мәні қолданылмайды.

7. Ішінара тексеру жүргізудің мерзімділігі жылына бір реттен жиі емес болу қажет.

8. Ішінара тексерулер өткізілген мониторинг пен талдаудың нәтижелері бойынша қалыптастырылған ішінара тексеру тізімінің негізінде жүргізіледі және тексеру жүргізу басталғанға дейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

9. Ішінара тексерудің тізімі:

1) субъективті критерийлер бойынша ең көп көрсеткіштері бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығын;

2) тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның лауазымды тұлғасына жүктемені ескере отырып жасалады.

Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлеріне қосымша

Тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері

Р / с №	Критерийлер	Бұзушылық сипаты
1. Сәулет және қала құрылысы органдары		
1		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың және республиканың селолық елді мекендерінің мынадай қала құрылысы жобаларымен қамтылады:
1.1		аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары елеулі
1.2		бас жоспарлар елеулі
1.3		егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары елеулі
1.4		құрылыс салу жобаларын елеулі
1.5		құрылыс салу қағидаларының болуы елеулі
1.6		мынадай қағидаларды сақтай отырып, қала құрылысы жобаларын әзірлеу және іске асыру:
1.6.1		құрылыс салу қағидаларын өрескел
1.6.2		қала құрылысы регламенттерін елеулі
1.6.3		мемлекеттік қала құрылысы нормативтерін елеулі
1.7		мыналар кезінде аумақтарды аймақтарға бөлуге бақылау жүргізу:
1.7.1		қала құрылысын жоспарлағанда елеулі
1.7.2		аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлгенде елеулі
1.7.3		қызыл сызықты сақтағанда өрескел
1.7.4		сары сызықты сақтағанда өрескел
1.7.5		құрылыс салуды реттеу сызығында өрескел
2		Ғимараттар мен құрылыстар қасбеттерінің сәулеттік келбетінің нормативтік талаптарға сәйкестігі елеусіз
3		Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының тіршілік әрекеті үшін жағдайды қамтамасыз ету өрескел

4	Әкімдіктің шешімін дайындаған кезде мынадай қала құрылысы регламенттерін сақтау:	
4.1	өтініш берушіге жерге тиісті құқық беру	өрескел
4.2	құрылыс салу, кеңейту, техникалық жарақаттандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келу және күрделі жөндеу туралы шешім	өрескел
4.3	қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау, бұзу, тоқтатып қою және алып қою туралы	өрескел
4.4	тарих және мәдениет ескерткіштерін және олардың ансамбльдерін қорғау бойынша	елеулі
5	Базалық деңгейде мемлекеттік қала құрылысы кадастрларын жүргізу кезінде заңнамаларды сақтау	елеулі
6	Сәулет (нобайлық) жобаны келісу кезінде нормативтік талаптарды сақтау	елеулі
7	Объектілерді (кешендерді) пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын анықтау кезінде нормативтік талаптарды сақтау	елеулі
8	Пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және жүргізу кезінде нормативтік талаптарды сақтау	елеулі
9	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамада белгіленген нормалар мен талаптарды (шарттарды, қағидаларды, шектеулерді) бұзуға кінәлі тұлғалар бойынша тиісті материалдарды (ақпараттарды) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарына жіберу	елеулі
10	Салынып жатқан (реконструкцияланған, кеңейтілген, жаңғыртылған, күрделі жөнделген) және пайдалануға берілген объектілерге мониторинг жүргізу	елеулі
11	Сәулет-жоспарлау тапсырмасын берудің мынадай нормативтік талаптарға сәйкестігі:	
11.1	беру мерзімі	өрескел
11.2	учаскенің орналасқан жері	өрескел
11.3	геодезиялық зерттелуі (түсірілімдердің болуы, олардың масштабы)	өрескел
11.4	құрылыстың (қолданыстағы учаскеде құрылғылар мен құрылыстар, оның ішінде коммуникациялар, инженерлік құрылыстар, абаттандыру элементтері және басқалар) болуы	өрескел
11.5	инженерлік-геологиялық зерттелуі (инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, топырақ-ботаникалық материалдардың және басқа да іздестірулердің болуы)	өрескел
11.6	объектінің функционалдық мәні	елеулі

11.7	қабат саны	елеулі
11.8	жоспарлау жүйесі	елеулі
11.9	конструктивтік схемасы	елеулі
11.10	инженерлік қамтамасыз ету	елеулі
11.11	көлемдік кеңістіктік шешім	елеулі
11.12	бас жоспардың жобасы	елеулі
11.13	сәулеттік бейненің стилистикасы	елеулі
11.14	қоршап тұрған ғимараттармен өзара үйлесімдік сипаты	елеулі
11.15	түсі бойынша шешім	елеулі
11.16	жарнамалық-ақпараттық шешім	елеулі
11.17	кіреберіс тораптар	елеулі
11.18	халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының тіршілік әрекеті үшін жағдай жасау	өрескел
11.19	дыбыс-шу көрсеткіштері бойынша шарттарды сақтау	елеулі
11.20	жертөле	елеулі
11.21	қасбет	елеулі
11.22	жылумен жабдықтау	елеулі
11.23	сумен жабдықтау	елеулі
11.24	кәріз	елеулі
11.25	электрмен жабдықтау	елеулі
11.26	газбен жабдықтау	елеулі
11.27	телекоммуникация	елеулі
11.28	дренаж (қажет болған жағдайда) және нөсерлік кәріз	елеулі
11.29	стационарлық суғару жүйелері	елеулі
11.30	инженерлік іздестірулер бойынша	елеулі
11.31	қолданыстағы құрылыстар мен құрылғыларды бұзу (ауыстыру) бойынша	елеулі
11.32	жер асты және жер үсті коммуникацияларын ауыстыру бойынша	елеулі
11.33	жасыл екпелерді сақтау және/немесе отырғызу бойынша	елеулі
11.34	учаскені уақытша қоршау құрылысы бойынша	елеулі
11.35	нобайлық жоба бойынша жалпы құрылыс салу алаңы	елеулі
11.36	қаланың (ауданның) бас сәулетшімен келісудің болуы:	
11.37	бас жоспар М 1:500	өрескел
11.38	инженерлік желілердің жиынтық жоспары	өрескел
11.39	құрылыстың бас жоспары	өрескел

12	Қажет емес құжаттарды (материалдарды) талап ету фактілерін анықтау	өрескел
13	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға мониторингті, есептерді, акпараттарды, мәліметтерді, материалдарды ұсыну	елеулі
14	Сәулет және қала құрылысы органының бұрын берілген нұсқамасын орындау	өрескел
15	Сәулет және қала құрылысы органы ережесінің және лауазымдық нұсқаулықтардың нормаларына сәйкестігі	елеулі
2. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары		
1	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізіле бастағаны туралы хабарламаны қабылдау тәртібі, оның ішінде:	
1.1	құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізіле бастағаны туралы хабарламаны қабылдау	елеулі
1.2	хабарламада көрсетілген деректердің дұрыстығы	елеулі
1.3	өтініш беруші мен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органы қызметкерінің арасындағы келіспеушілік туралы акті	елеулі
2	Салынып жатқан және салынған объектілерде мемлекеттік нормативтердің мынадай талаптарын сақтау, оның ішінде:	
2.1	бекітілген (қайта бекітілген) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының болуы	өрескел
2.2	жобаларға сараптаманың оң қорытындысының, оның ішінде жобаларға (түзету) сараптаманың қайта берілген қорытындысының болуы	өрескел
2.3	жерге берілген тиісті құқықтың болуы	өрескел
2.4	құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізіле бастағаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талонның болуы	елеулі
2.5	Орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын , сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігі	өрескел

2.6	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында санаттар бойынша лицензияланатын жұмыстардың тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның болуы	өрескел
3	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында лицензиялау, оның ішінде:	
3.1	ұсынылған құжаттардың толық болуы	өрескел
3.2	мәліметтер нысанын растау бойынша бақылаудың өзге де нысандары актілері	өрескел
3.3	Жұмыстың сұрау салынған түрлері, кіші түрлері, мамандықтар бойынша біліктілік талаптарына сәйкес ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растау	өрескел
3.4	Тапсырылған құжаттарға сәйкес өтініш берушінің, лицензиаттың біліктілік талаптарға сәйкестігі:	
3.4.1	Іздестіру қызметімен айналысу үшін талаптар:	
3.4.1.1	жеке тұлға үшін – іздестіру қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе іздестіру қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде бес жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) болуы	өрескел
3.4.1.2	заңды тұлға үшін – штатында іздестіру қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе іздестіру қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар инженер-техник қызметкердің болуы	өрескел
3.4.1.3	әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақталған меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы өндірістік базаның болуы	өрескел
	меншік және/немесе жалға алу (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында: лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш	

3.4.1.4		жасалған кіші түрін орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын бақылау-өлшеу құралдарымен, аспаптарымен, тетіктерімен және құрылғыларымен инженерлік-геодезикалық жұмыстарды жүзеге асырған кезде есеп айырысуларды орындауға, графикалық және өзге материалдарды жасау мен ресімдеуге қажетті орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар дербес компьютермен ең төменгі материалдық-техникалық жабдықталуы	өрескел
3.4.1.5		өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жұмыстарды тиісінше орындауды және сапаны қамтамасыз етуді регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша нұсқаулықтың (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) болуы	өрескел
3.4.1.6		жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	өрескел
3.4.2	Жобалау қызметі		
3.4.2.1		III санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар:	
3.4.2.1.1		жеке тұлға үшін – жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде бес жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) болуы, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыс үшін рұқсатының болуы	өрескел
3.4.2.1.2		заңды тұлға үшін – штатында жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін	өрескел

	жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар инженер-техник қызметкердің болуы, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыс үшін рұқсатының болуы	
3.4.2.1.3	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығындағы лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарактандырылған өндірістік базаның болуы	өрескел
3.4.2.1.4	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орнатылған бағдарламалық жасақтамасы бар дербес компьютерлерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуы	өрескел
3.4.2.1.5	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау, жобалар мен оның бөлімдерінің сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	өрескел
3.4.2.1.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттар қоса берілген еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	
3.4.2.2	II санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар:	
3.4.2.2.1	жеке тұлға үшін – жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде сегіз жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) болуы, сондай-ақ	өрескел

	жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыс үшін рұқсатының болуы	
3.4.2.2.2	заңды тұлға үшін – штатында жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде жеті жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар инженер-техник қызметкердің болуы, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыс үшін рұқсатының болуы	өрескел
3.4.2.2.3	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығындағы лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарактандырылған өндірістік базаның болуы	өрескел
3.4.2.2.4	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орнатылған бағдарламалық жасақтамасы бар дербес компьютерлерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуы	өрескел
3.4.2.2.5	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау, жобалар мен оның бөлімдерінің сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	өрескел
3.4.2.2.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттар қоса берілген еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	өрескел
	лицензиаттың кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі, бұл ретте жұмыс тәжірибесі жобалау қызметін (жобалау бөлігінде жобалау-іздістіру қызметін) жүзеге асыруға	

3.4.2.2.7	шетелдік тұлғалар үшін лицензия немесе өзге де тең келетін рұқсат беру құжатын алған күнінен бастап есептеледі не III санаттағы лицензиат ретінде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі. Бұл ретте, лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда жұмыс тәжірибесі жойылады	өрескел
3.4.2.2.8	бас мердігер ретінде, құжаттамалық растауды (объектіні пайдалануға беру туралы қол қойылған актілердің көшірмелерін) ұсына отырып, техникалық жағынан күрделі емес екінші және/немесе үшінші жауапкершілік деңгейінде кемінде бес іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы не лицензиат қосалқы мердігерлік шарттар бойынша жұмыстар орындаған, құжаттамалық растауды (орындалған жұмыстардың қол қойылған актілерінің көшірмелерін) ұсына отырып, бірінші және/немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі кемінде он объектінің болуы	өрескел
3.4.2.2.9	бас мердігер ретінде іске асырылған құрылыс объектілері бойынша тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан, не тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан пікірлер алу мүмкін болмаған жағдайда мүдделі жергілікті атқарушы органдардан кемінде бес оң пікірдің не қосалқы мердігерлік шарттар бойынша кемінде он оң пікірдің болуы	өрескел
3.4.2.3	I санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар :	
3.4.2.3.1	жеке тұлға үшін – жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде он үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он бес жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) болуы, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыс үшін рұқсатының болуы	өрескел
	заңды тұлға үшін – штатында жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе	

3.4.2.3.2	техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде жеті жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар инженер-техник қызметкердің болуы, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыс үшін рұқсатының болуы	өрескел
3.4.2.3.3	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығындағы лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарактандырылған өндірістік базаның болуы	өрескел
3.4.2.3.4	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орнатылған бағдарламалық жасақтамасы бар дербес компьютерлерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуы	өрескел
3.4.2.3.5	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау, жобалар мен оның бөлімдерінің сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	өрескел
3.4.2.3.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттар қоса берілген еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	өрескел
3.4.2.3.7	лицензиаттың қызметін қоса атқарып жүрген инженерлік-техникалық қызметкерлердің жалпы санының 20 %-ынан артық болмауы	өрескел
	лицензиаттың кемінде он жыл не Қазақстан Республикасының аумағында теңіз мұнай-газ жобалары үшін жобалау қызметін (жобалау бөлігінде жобалау-іздістіру қызметін) жүзеге асырған тұлғалар үшін кемінде жеті жыл жұмыс тәжірибесі не II санаттағы лицензиат ретінде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі. Жұмыс тәжірибесі лицензияны алған күннен бастап есептеледі. Бұл ретте, лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда жұмыс тәжірибесі жойылады. Шетелдік тұлғалар үшін жұмыс	

3.4.2.3.8	<p>тәжірибесі ретінде жобалау қызметін (жобалау бөлігінде жобалау-ізвестіру қызметін) жүзеге асыруға тең келетін рұқсат беру құжаты есепке алынады. Құрылтайшыларының кемінде біреуінің жобалау саласында кемінде отыз жыл халықаралық тәжірибесі бар және бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерді жобалауды орындаған заңды тұлғалар үшін алты жыл жұмыс тәжірибесі. Құрылтайшылары Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлғасы және шетелдік заңды тұлғасы болып табылатын және ондағы Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына қатысу үлесінің 50 немесе одан астамы тиесілі және жобалау қызметімен айналысуға I санаттағы лицензиясы бар заңды тұлға үшін осы талаптар қолданылмайды</p>	өрескел
3.4.2.3.9	<p>құжаттамалық растауды (объектіні пайдалануға беру туралы қол қойылған актілердің көшірмелерін) ұсына отырып, бас мердігер ретінде бірінші және/немесе екінші жауапкершілік деңгейінде кемінде он іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы не лицензиат қосалқы мердігерлік шарттар бойынша жұмыстар орындаған, құжаттамалық растауды (орындалған жұмыстардың қол қойылған актілерінің көшірмелерін) ұсына отырып, бірінші және/немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі кемінде жиырма объектінің болуы. Құрылтайшылары мұнай-газ саласындағы жобалау қызметімен айналысатын Құрылтайшылары Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлғасы және шетелдік заңды тұлғасы болып табылатын және ондағы Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына қатысу үлесінің 50 немесе одан астамы тиесілі және жобалау қызметімен айналысуға I санаттағы лицензиясы бар заңды тұлға үшін осы талаптар қолданылмайды</p>	өрескел
3.4.2.3.10	<p>бас мердігер ретінде іске асырылған құрылыс объектілері бойынша тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан кемінде бес оң пікірдің не қосалқы мердігерлік шарттар бойынша кемінде он пікірдің не тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан пікірлер алу мүмкін болмаған жағдайда мүдделі жергілікті атқарушы органдардан оң пікірдің болуы. Құрылтайшылары Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлғасы және шетелдік заңды тұлғасы болып табылатын және ондағы Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына қатысу үлесінің 50 немесе одан астамы тиесілі және жобалау қызметімен айналысуға I</p>	өрескел

	санаттағы лицензиясы бар заңды тұлға үшін осы талаптар қолданылмайды	
3.4.3	Құрылыс-монтаждау жұмыстары	
3.4.3.1	ІІІ санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар:	
3.4.3.1.1	жеке тұлға үшін – құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде екі жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) болуы, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	өрескел
3.4.3.1.2	заңды тұлға үшін – штатында құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде екі жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар инженер-техник қызметкердің болуы, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	өрескел
3.4.3.1.3	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы лицензияланатын қызмет түрлерінің өтініш жасалған жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жаракталған өндірістік базаның болуы	өрескел
3.4.3.1.4	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрі кіші түрінің мәлімделген жұмыстарына қойылатын техникалық талаптарға байланысты құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес белгіленген жабдықтардың ең аз жиынтығын,	өрескел

	бақылау-өлшеу құралдарын, машиналар мен механизмдерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуы	
3.4.3.1.5	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	өрескел
3.4.3.1.6	өтініш беруші (лицензиат) бекіткен жауапты инженерлік-техникалық қызметкердің оқудан өткені туралы растайтын құжаттар қоса берілген еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	
3.4.3.2	II санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар:	
3.4.3.2.1	жеке тұлға үшін – құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде сегіз жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) болуы, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	өрескел
3.4.3.2.2	заңды тұлға үшін – штатында құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар инженер-техник қызметкердің болуы, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	өрескел
	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген	

3.4.3.2.3	жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарактандырылған өндірістік базаның болуы	өрескел
3.4.3.2.4	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрі кіші түрінің мәлімделген жұмыстарына қойылатын техникалық талаптарға байланысты құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес белгіленген жабдықтардың ең аз жиынтығын, бақылау-өлшеу құралдарын, машиналар мен механизмдерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуы	өрескел
3.4.3.2.5	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	өрескел
3.4.3.2.6	жауапты инженер-техник қызметкердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса берумен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	өрескел
3.4.3.2.7	лицензиаттың кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі, бұл ретте жұмыс тәжірибесі құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыруға лицензия немесе шетелдік тұлғалар үшін өзге де тең келетін рұқсат беру құжатын алған күнінен бастап есептеледі не III санаттағы лицензиат ретінде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі. Бұл ретте, лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда жұмыс тәжірибесі жойылады	өрескел
3.4.3.2.8	бас мердігер ретінде, құжаттамалық растауды (объектіні пайдалануға беру туралы қол қойылған актілердің көшірмелерін) ұсына отырып, техникалық жағынан күрделі емес екінші және/немесе үшінші жауапкершілік деңгейінде кемінде бес іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы не лицензиат қосалқы мердігерлік шарттар бойынша жұмыстар орындаған, құжаттамалық растауды (орындалған жұмыстардың қол қойылған актілерінің көшірмелерін) ұсына отырып, бірінші және/немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі кемінде он объектінің болуы	өрескел
	бас мердігер ретінде іске асырылған құрылыс объектілері бойынша тапсырыс берушілерден	

3.4.3.2.9	және/немесе пайдаланушы тұлғалардан, не тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан пікірлер алу мүмкін болмаған жағдайда мүдделі жергілікті атқарушы органдардан кемінде бес оң пікірдің не қосалқы мердігерлік шарттар бойынша кемінде он оң пікірдің болуы	өрескел
3.4.3.3	I санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар :	
3.4.3.3.1	жеке тұлға үшін – құрылыс-монтажда жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде он үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе құрылыс-монтажда жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он бес жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) болуы, сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	өрескел
